

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**«XIII ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«XIII ТОРАЙҒЫРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 6**

**ПАВЛОДАР  
2021**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
О-59

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Садықов Е. Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасының ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық  
жөніндегі орынбасары

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абыкенова Д. Б., Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексеитов Т. К.,  
Кислов А. П., Колесников Ю. Ю., Муканов Р. Б.

**Жауапты хатшылар:**

Бахбаева С. А., Исақова З. С., Кайниденов Н. Н., Калтаев А. Г.,  
Каменов А. А., Куанышева Р. С., Мажитова А. Е.

О-59 «XIII Торайғыров оқулары»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының материалдары. – Павлодар: Торайғыров  
университеті, 2021.

ISBN 978-601-345-229-6 (жалпы)

Т. 6. – 2021. – 280 б.

ISBN 978-601-345-224-1

«XIII Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының (29 қазан 2021 жыл) жинағында келесі ғылыми  
бағыттар бойынша ұсынылған мақалалар енгізілген: Жаратылыстану  
ғылымдары, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, Экономика және  
құқық, Инженерия, Ауыл шаруашылық ғылымдары, Энергетика және  
Компьютерлік ғылымдар.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001

КБЖ 72

ISBN 978-601-345-224-1 (Т. 6)

ISBN 978-601-345-229-6 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2021

7 Секция. Компьютерлік ғылымдар  
7 Секция. Компьютерные науки

7.1 Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар  
7.1 Современные информационно-коммуникационные  
технологии

**БҰЛТТЫҚ ӨНІМДЕРДІ ЖОО-ДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ  
ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

АЛИМОВА Ж. С.

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ОСПАНОВА Н. Н.

п.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ДАУТОВА А. З.

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан инновациялық  
процестерге деген талпыныстармен қатар, бұлттық технологиялардың  
беретін мүмкіндіктері, оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі  
әдістерінің орнына жеке білім беру, ұжымдық оқыту және  
интерактивті сабақтар сияқты жаңа тәсілдерді алып келгені  
анық. Бұлттық технологияларды білім беруде қолданудың негізгі  
артықшылықтары ретінде үнемділікті, тиімділікті және білім  
беру сапасының артуын ғана емес, сондай-ақ, білім алушылардың  
қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге дайын болуын қамтамасыз  
ететінін де айту керек. Сондықтан осы мақаланы жазудың басты  
мақсаты – ЖОО-дағы білім беру процесін басқаруда бұлттық  
өнімдерді қолдану мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Білім беру саласында бұлттық сервистердің мүмкіндіктеріне  
негізделген технологияларды қарастырғанда, мынадай мәселелерді  
анықтап алу керек:

– ЖОО-дағы білім беру процесін бұлттық өнімдерді қолдану  
арқылы басқарудың теориялық-әдістемелік негіздемелерін анықтау;  
– жоғары білім беру процесінде бұлттық технологияларды  
қолданудың, әлемдік тәжірибелерден алынған тиімді тәсілдерін  
табу;

– білім беру процесіне қатысушылардың, бұлттық өнімдердің  
мүмкіндіктерін қолдануға деген қажеттіліктерін анықтау;

– бұлттық өнімдер мен технологияларды қолданатын оқыту  
процесінің компьютерлік инфрақұрылымын модельдеу;

– бұлттық технологияларды қолданып білім беруді басқарудың алгоритмін жасау.

Осы саладағы зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, жоғары оқу орындарының бұлтты технологияларды (бұлтты есептеулерді) пайдалануы – оқу процесінің тиімділігін арттыруға, оны іске асырудың үстеме шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін перспективалы бағыт болып табылады [1]. Тәжірибе көрсеткендей, білім беру саласында бұлттық технологияларды қолданудың айтарлықтай артықшылықтары бар: ЖОО-ның ақпараттық инфрақұрылымға кететін шығындары азаяды; жеке оқыту әдістерін жасауда өте тиімді құрал болып табылады; топтық жұмыстарды өткізудің интерактивті құралдарын қолдануға болады; білім беру процесін қызықты және өнімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және т.б.

Осылайша, бұлттық технологиялар көпдеңгейлі ерекше құрылым болып табылады және қолданушыларға мынадай мүмкіндіктер туғызады:

– пайдаланушыға, қажеттілігіне байланысты өзгерту мүмкіндігі бар қол жетімді әртүрлі гаджеттерді қолдана отырып, ақпаратпен ыңғайлы түрде жұмыс жасау;

– жүктелетін деректердің көлемі шектелмеген, өйткені бұлттағы ақпарат мөлшерінің жад көлемі, тіпті соңғы буында шыққан флэш-карталар үшін де мүмкін емес үлкен мәндерге жетуі мүмкін;

– кез келген қызметте әріптестермен немесе серіктестермен бір мезгілде ақпаратпен жұмыс істеу: бұлттық сақтау қоймасы студенттерге бір уақытта бірыңғай ақпараттық дерекқорға қол жеткізуге мүмкіндік береді, мысалы, топтық жобаны орындау үшін.

Бұл мүмкіндіктер, бұлттық технологияларды педагогикадағы дәстүрлі технологиялармен қатар қолданып қана қоймай, педагогикалық жүйедегі практиканы біршама толықтыратынын және айтарлықтай артықшылықтары бар екенін көрсетеді. Қазіргі студенттер мультимедиялық жобалар, виртуалды зертханалар, жаңа виртуалды кеңістіктер жасайды, интернет-конференциялар өткізеді және т.б. Бұл университеттің әлеуметтік-мәдени кеңістігіне, оның дамуы мен мемлекеттің әлеуметтік институттар жүйесіндегі жағдайына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар өмірде цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы болашақ мамандардың базасын тікелей байытады. Кейіннен олар виртуалды жүйелермен шығармашылық жұмыс жасау дағдыларын игереді, өз қызметін дербес ұйымдастыра алады, айналасындағы кеңістікті өзгерте алады, жаңа ашылулар мен инновациялар жасай алады. Сонымен қатар,

студенттердің білімін тестілеудің, мониторингілеудің және бағалау жүйесінің жаңа әдістері енгізілуде, жетілдірілуде, инновациялық құралдары анықталуда. Демек, бұлттық технологиялар нақты білім беруді қолдауға, сондай-ақ әр заманауи университеттің байланыс өрісін оңтайландыруға арналған деп айтуға болады.

Қазіргі таңда еліміздің және шет елдердің көптеген жоғары оқу орындары бұлттық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша кеңінен қолдануда. Мысалы, Google Apps – Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Хофстра униферситеті (АҚШ); Microsoft Live@edu – Каунас Технологиялық Университеті (Литва); Microsoft Office 365 – Мәскеу қаржы-заң университеті (РФ), Плеханов атындағы РЭУ (РФ), Сумы мемлекеттік университеті, Донецк ұлттық университеті және т.б. [2–4].

Бұлттық технологияларды оқыту процесіне енгізген оқу орындарының нәтижелері [2–9] Microsoft Live@edu, Google Apps, Microsoft Office 365 өнімдері, сондай-ақ, бұлттық қызметтердің Naas, PaaS, IaaS және SaaS модельдері білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл еңбектерде білім беру процесінде бұлтты технологияны қолданудың артықшылықтарының төрт негізгі аспектісіне аса назар аударады:

– экономикалық;

– техникалық: икемді масштабталу, қоршаған ортаға әсерді азайту, жоғары қол жетімділік, тұрақты қолжетімділік, соңғы пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, негізгі міндеттерге шоғырлану;

– технологиялық;

– дидактикалық.

Сондай-ақ, университеттердің тәжірибелері, ақпараттық пәндерді оқытуда офистік технологияларының маңызды орын алатынын көрсетеді: мәтіндік және кестелік процессорлар, презентацияларды құру және өңдеу жүйелері, мәліметтер базасын басқару жүйелері, графикалық бағдарламалар. Бағдарламалық жасақтаманың осы тобында келесі ресурстарды атап өтуге болады.

1 Мәтінді өңдеу бағдарламалары: Word Online, Zoho Writer, ONLYOFFICE Personal, Офис (office.hearnote.com), Online Office Apps, Tools.

2 Редакторлар, pdf қарау құралдары: PDF Mergy, PDF Merge, PDF в Word Doc конвертер, PDF Cloud Tools, PDF Viewer.

3 Кестелік процессорлар: Excel Online, ONLYOFFICE Personal, Офис (office.hearnote.com), Online Office Apps, Tools.

4 Графикалық кескіндермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар: Graph.tk, Google Drawings, CanvasDraw, Vector Paint.

5 Презентациялармен жұмыс бағдарламалары: PowerPoint Online, Google Презентации, ONLYOFFICE Personal, PPT в PDF – Smallpdf.com, Online Office Apps, Tools.

6 Модельдеу және жобалау: Lucidchart Диаграммы – онлайн, Gliffy Diagrams, Cacao, draw.io, business process modeler.

7 Жазбалар жасауға арналған бағдарламалар, күнтізбе: OneNote Online, Sunrise Calendar, Zoho Calendar.

8 Формалар, интернет-сауалнамалар: Google Формы, 123ContactForm – Online Form Builder.

Бұлтты инфрақұрылымның жоғарыда аталған негізгі жеткізушілерінің ең ірі өкілдерінің бірі ретінде Google компаниясының ұсынатын қызметтер желісіне тоқталып өтсек, Google компаниясы өзінің клиенттеріне бағдарламаларды, Android ОЖ негізіндегі – смартфондар мен планшеттерге, Windows ОЖ арқылы басқарлатын – ДК мен ноутбуктерге, MacOS негізіндегі – iPhone және iPad-тарға қолдануға мүмкіндік береді. Әрбір қолданушыға Google сервистерінің кез-келгеніне 15 Гбайт тегін жады береді. Және де, Google компаниясы білім беру процесін ұйымдастыруға қолайлы қызметтер желісінің кең тізімін ұсынады:

- Google Docs.
- Gmail.
- Google топтары (Группы Google).
- Google Site.
- Google күнтізбе (Календарь Google).
- Google аудармашы (Google Переводчик).
- Google формалар (Google Формы).
- Google Класс.

Бұл мүмкіндіктердің негізінде ЖОО-да оқытушы мен білім алушылар арасында ақпарат алмасу үшін жеке бұлтты қойманың моделін құруға болады.



Сурет 1 – Оқытушы мен білім алушылар арасында құрылған жеке бұлтты қоймада ақпарат алмасу моделі

1-суретте бұлтты қойманы пайдалану мүмкіндігінің мысалы көрсетілген. Күнтізбе мен жоспарлаушы сауатты оқу процесін құрудың таптырмас құралы болып табылады, олар кестені ұйымдастыруға, тапсырмалар мен жобаларды жоспарлауға, жазбалар жасауға, істер тізімін көруге және уақытында тиісті ескертулер алуға мүмкіндік береді [10]. Әр түрлі пайдаланушылардың файлдарымен бөлісуді ұйымдастыру бұлтты деректер қоймасын пайдалану кезінде мүмкін болатын ең қуатты және ыңғайлы механизмдердің бірі болып табылады. Оқытушылар студенттерге дәрістердің электронды нұсқаларына, зертханалық тапсырмаларға, қосымша әдебиеттерге және басқа да құжаттарға қол жеткізе алады. Сол сияқты студенттер оқытушымен де, сыныптастарымен де қарым-қатынас жасай алады. Алмасу қоғамдық сілтемелер арқылы жүзеге асырылады. Өзгерістер тарихы – деректердің сақталуын қамтамасыз ететін қасиеттердің бірі. Нұсқаны басқарудың ішкі жүйесі пайдаланушыларға файлдардың ескі нұсқаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді, олардың өзгеру тарихын бақылау мүмкіндігі бар. Студенттер мен оқытушылар кез-келген уақытта файлды жаңартуды тоқтатып, оның бұрын сақталған нұсқасына орала алады. Сондай-ақ, білім алушыларды бағалау кезінде оқытушы әкімші ретінде жоба бойынша жұмысты орындау кезінде олардың әрқайсысы қандай үлес қосқанын көре алады. Осылайша, жеке студенттің қызметі объективті бағаланады.

Қорыта айтқанда, бұлтқа негізделген технологиялар – қоғамның прогрессивті дамуының алғышарттарының бірі болып табылады. Білім

беру жүйесінің инновациялық үдерістерге деген ұмтылысымен бірге, бұлтты технологиялар оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа әдісін ұсынады, және оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі әдістеріне балама ұсынады, жеке оқыту, ұжымдық оқыту мен интерактивті сабақтарға мүмкіндік береді. Білім беруде бұлтты технологияларды қолданудың басты артықшылығы – қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу құнын төмендету, оқу үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттыру ғана емес, сонымен қатар оқушылар мен студенттерді қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Брыксина О. Ф. Создание открытого образовательного пространства на основе облачных технологий// Поволжский педагогический вестник. 2014.– № 2 (3).– С. 19–22.
- 2 Склейтев Н. Облачные вычисления в образовании: Аналитическая записка/ Пер. с англ. Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании. – М., 2010. – 423 с.
- 3 Смирнов С. Сухоруков К. Возможности облачных технологий в процессе проникновения ИТ в обучение // PC Week Review: Образование и ИТ. – 2011.
- 4 Серик М., Байгараева А. Е. Настройка параллельного кластера // Вестник КарГУ. – № 2 (74). – 2014. – Б. 112–117.
- 5 М. Серик, Я. Култан, А. Садвакасова О внедрении облачных технологии в процесс образования / Journal of knowledge society / international scientific journal/ – 2016. – № 2
- 6 Bergström, Johan. Cloud use in British universities. URL: <http://www.eunis.org/era/cloud-use-in-british-universities>
- 7 Bergström, Johan. The UnivCloud project – An interview. URL:<http://www.eunis.org/era/the-univcloud-project-an-interview>
- 8 Bergström, Johan. Digital transfer of achievements supports joint studies and joint degrees. URL: <http://www.eunis.org/era/digital-transfer-of-achievements-supports-joint-studies-and-joint-degrees>
- 9 Cloud Services at the University (University of Delaware). URL: <http://www1.udel.edu/security/cloud/index.html>
- 10 Серик М., Байгараева А. Е. Настройка параллельного кластера // Вестник КарГУ. – № 2 (74). – 2014. – Б. 112–117

#### NI MULTISIM БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ОРТАСЫНДА КОМБИНАЦИЯЛЫҚ СХЕМАЛАРДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРУ

АЛЬЖАНОВА А. Ж., САРСЕНБАЕВА А. К., ТӨЛЕПБЕРГЕН А. А.  
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
КУАНЫШЕВА Р. С.  
аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта электронды құрылғыларды жобалау және жөндеу кезінде автоматтандырылған дизайн және компьютерлік модельдеу кеңінен қолданылатыны белгілі. Автоматтандырылған дизайн қысқа мерзімде жоғары сапалы құрылғылар жасауға мүмкіндік береді, өйткені арнайы бағдарламалық жасақтама көп уақыт пен шығынсыз бірден схемалардың бірнеше нұсқасын жасап, олардың ішінен ең жақсысын таңдауға мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеу оқу процесінде кеңінен қолданылады. Осы білім салаларын игеру және практикалық дағдыларды алу үшін мамандандырылған бағдарламалық өнімдерді пайдалану қажет. Солардың ішінде Electronics Workbench (National Instruments корпорациясының құрамына кіретін) тобы әзірлеген NI Multisim бағдарламалық ортасы ең қолайлы құрал болып табылады.


Multisim – бұл құрылғылардың электрондық және электр тізбектерін модельдеу және есептеу бағдарламасы [1]. Яғни, бұл көп терезелі графикалық интерфейсі бар бағдарлама, ол компоненттердің сызбаларын, модельдері мен кескіндерін құруға және өңдеуге, сонымен қатар есептеу нәтижелерін ыңғайлы графикалық түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Практикалық жұмыстарда логика алгебрасының негізгі элементтері, негізгі логикалық элементтер, логикалық функцияларды математикалық өрнектермен ұсыну әдістері, логикалық функциядан логикалық схемаға көшу қарастырылады. Multisim бағдарламалық ортасында комбинациялық схемаларды құру және олардың жұмысын тексеру мақсатында есептің талдауы қарастырылады.

Multisim ортасының жұмыс өрісі және негізгі логикалық элементтерді сынау схемасын компоненттердің диалогтық терезелеріне олардың параметрлерін немесе жұмыс режимдерін орнатуды жүзеге асырылады. Ол үшін ең алдымен, тұрақты ток генераторы, тұрақты кернеу, кілт, логикалық анализатор деген аспаптар қажет болады. Multisim бағдарламасының ерекшелігі – өлшеу құралдары мен генераторларды қамтитын нақты аналогтарды

еліктейтін виртуалды құрылғылардың болуы. Осының бірі логикалық анализатор – бұл үлкен жүйелерді жобалау кезінде сандық электрондық құрылғылардың логикалық элементтерінің күйін бақылауға, сондай-ақ ақауларды анықтауға арналған құрылғы болып табылады.

Схемаға 5В жоғары тұрақты кернеу деңгейі бар Misc Digital/TPL (сандық микросхемалар/TPL) кітапханасында орналасқан екілік негізгі [OR (немесе), AND (және) және NOT (емес)] және әмбебап (базалық) [NAND (және-емес) және NOR (немесе-емес)] логикалық элементтерде жинақталған (1-сурет). Схемаға 1, 2, ...9 кілттері шекті кернеуі 5 В болатын сынамалар (шамдар) X1, X2,..., X5, кернеуі бар тұрақты ток генераторы E=5 В және XLA1 логикалық анализаторы қосылған.




Сурет 1 – Екілік негізде және әмбебап логикалық элементтерден жиналған схема

Кілт жабық болған жағдайда, элементтің осы кірісіне логикалық бірлік (5 В оң потенциал), ал ашық кілтте логикалық нөл беріледі. Инвертордың (NOT) бір кірісі болғандықтан, кіріс сигналының екі мәнін (логикалық бірлік немесе логикалық нөл) қалыптастыру үшін 5-ші кілт жеткілікті.

«Виртуалды өлшеу компоненттері» құралдар тақтасында бес түсті кернеу индикаторларының пиктограммалары ретінде қызыл, көк түс алынды. Бұл индикаторлардың жұмыс принципі әр түрлі емес, айырмашылық тек түсінде болады. Кернеудің индикаторы тізбектің белгілі бір нүктесіндегі кернеуді анықтайды және егер зерттелетін нүктеде осы индикаторының параметрлерінде көрсетілген жұмыс кернеуінің мәніне тең немесе одан үлкен кернеу болса, онда индикатор түспен жанады. Параметрлер терезесінің

атауы реттелетін сынақ индикаторының түс атауына сәйкес келеді. Мысалы, көк сынақ индикаторы үшін Параметрлер терезесінде «PROBE\_BLUE», ал қызыл үшін «PROBE\_RED» атауы болады. Схемада сынама-индикатордың іске қосылуының шекті кернеуі оның пиктограммасының жанында көрсетіледі.

Сигналдарды өлшеуге ыңғайлы болу үшін логикалық элементтердің шығысы XLA1 анализаторының 2, 4, 6, 8 және 10 кірістеріне қосылған. Модельдеу кезінде анализатор терезесінде уақыт диаграммалары баяу сканерленеді. Интервал өз уақытына жеткен кезде «Стоп» батырмасын басу арқылы модельдеу процесін тоқтатуға болады (2-сурет).



Сурет 2 – Логикалық анализаторды қолдану

Ал 1, 2, ..., 9 кілттерімен жұмыс жасай отырып, дисъюнктордың (OR), конъюнктордың (AND), Шеффердің (NAND) және Пирс көрсеткілерінің (NOR) кірістерінде X1 және X2 (00, 10, 01 және 11) дәлелдерінің барлық мүмкін комбинацияларын құрылып және у(0 немесе 1) функциясының шығу логикалық мәндері кестеге жазылады.

Егер шығыс сигнал элементі логикалық бірлікке тең болса, онда шығуға қосылған элементтің тексергіші жанады. Сол кезде, мәні бар функцияларды зерттелетін элементтерін X1, X2, ..., X5: сынама көмегімен бақылауға болады. Схеманың кілттері орналасқан кезде OR, AND және NOR элементтерінің функциялары логикалық бірлікке тең болады (3-сурет).

Дизъюнктор [ИЛИ (OR)]			Конъюнктор [И (AND)]			Инвертор [НЕ NOT]		Штрих Шеффера [И-НЕ NAND]			Пирс [ИЛИ-НЕ (NOR)]		
x1	x2	y	x1	x2	y	x	y	x1	x2	y	x1	x2	y
0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	1	0	0	1
0	1	1	0	1	0	1	0	0	1	1	0	1	0
1	0	1	1	0	0	1	0	1	0	1	1	0	0
1	1	1	1	1	1			1	1	0	1	1	0

Сурет 3 – Аргументтер комбинациясы

Қорытындылай келе, Multisim құрал-саймандарын оқу процесінде пайдалану негізінде әзірленген зертханалық жұмыстар:

- сандық есептеу техникасының арифметикалық және логикалық негіздері бойынша теориялық білімдерін бекітуге;
- есептеу техникасының сандық компоненттерін жобалаудың практикалық дағдыларын меңгеруге;
- компьютерлік жүйелердің сандық логикалық деңгейінің сәулеттік компоненттерін компьютерлік модельдеу дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Осы платформаның көмегімен студенттер теориядан практикаға оңай ауыса алады, прототиптер жасай алады және схемалық дизайн негіздері туралы білімдерін тереңдете алады.

Multisim – әлемдегі жалғыз схема эмуляторы, ол сізге ең аз уақыт ішінде ең жақсы өнімді жасауға мүмкіндік береді. Ол Multisim нұсқасын қамтиды, бұл оны бағдарламалық жасақтаманы сипаттауға және схемаларды дереу тексеруге арналған әмбебап құрал етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Быковский Н. А., Успенская Н. Н. MULTISIM бағдарламалық пакетін Электротехника және электроника бойынша зертханалық практикумда қолдану // ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2017. – № 5.

2 Қ.Е. Нұрғалиева, Ж.М. Молдабеков, Ә.С. Игенбаева, А.Н. Сләмова. Электронды сандық құрылғылар сұлбасын Multisim ортасында модельдеу: әдістемелік нұсқаулық – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 71 б.

3 Марченко А.Л. Основы электроники: учебное пособие для вузов. – М., 2009. – 306 с.

4 Щука А. Функциональная электроника учебник для вузов. – М., 1998. – 301 с.

5 <https://www.ni.com/ru-ru/support/downloads/software-products/download.multisim.html>

## ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

АМАНТАЙ Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ОСПАНОВА Н. Н.

п.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАБЕНОВ Д. И.

PhD докторы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік кеңістікке шығуға бағытталған жаңа білім беру жүйесін дамыту үстінде. Бұл процесс педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар қалыптасып келеді. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр. Бұл біз үшін аса қажет құндылық. Білім берудің ұлттық моделінің негізгі өзегі оның құрылымдық байланыстарының сабақтастығы болып табылады. Осы мәселенің аясында мектеп бағдарламасындағы жаратылыстану бағытындағы пәндерді CLIL әдісімен өту ұсынылды. Ол әдісті пәндерді басқа шет тілдерінде оқытуға, сонымен қатар, оқушылардың ағылшын немесе басқа тілдерде сөйлеу қабілеттерін арттыру мақсатында қолданады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді білім беруді дамытуға жіті назар аударып «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік», деген болатын. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойды. Әсіресе, өсіп келе жатқан ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Бұл ретте ұстаз қасиетті міндетін атқара отырып, оған қоса білім беруді одан әрі ізгілендіру, жеке тұлғаны қалыптастыруда озық, әрі жаңғыртылған әдістемелік жүйені меңгеру және әлемдік білім беру кеңістігіндегі ел дамуына оңтайлы ізгі кадамдарды игеру сияқты жаңа талаптарға сәйкес істерді жүзеге асыруға бет бұрды. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі – «Үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану пәндерін тілді кіріктіріп оқыту болып табылады [1].

Жаңашыл әдістердің бірі ретінде – кіріктіре білім беруді үштілділікке оқытуды жүзеге асырудың тиімді әдісі ретінде алып қарастырсақ болады. Осы заманғы қоғамда ұлтаралық және мәдениетаралық кеңістіктегі адамды әлеуметтендіру мәселелері басым болып отыр. Қазіргі уақытта ағылшын тілін меңгеру, кәсіби білім мен мүмкіндіктерді кеңейту құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ағылшын тілін оқытудың жаңа білім беру технологиялары пайда болады. Осындай технологиялардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту [2]. CLIL пән мен тілді кіріктіріп оқыту – ағылшын тілінде (шет тілінде) оқытылатын пәндерді оқыту әдістемесін сипаттайтын термин. CLIL – екінші немесе үшінші тіл арқылы пәндерді оқу және пәндік салаларды оқу барысында тіл үйренуді жетілдіру, яғни пәндік және тілдік мақсаттарға қатар қол жеткізу. Сонымен, кіріктіріп оқыту дегеніміз, біріншіден, сабақта пәнаралық байланыстарды дамыту мен тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түпнұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан және олардың өзара терең байланысуына өтуді қарастыру болып табылады. Екіншіден, жекелеген пәндер бойынша білімді біріктіретін және ұштастыратын жүйе, осы жүйенің негізінде балалардың әлемді тұтастықта қабылдауы қалыптасады. Үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендендіруге, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын және өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, түрлі ғылым салаларына қатысты білімді қорытындылауға бағыттайды.

Пәнді-тілдік кіріктіріп оқыту әдісін қолдану шет тілін оқуға бөлінген уақыт мөлшерінің аздығының салдарынан, оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отырған мәселе. Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бірақ негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Кіріктіріп оқыту әдісі жалпы барлық дидактика тәрізді, қазіргі кезде қиын кезеңнен өтуде. Себебі, бұл оқыту әдісі жаңадан қолданысқа еніп жатыр. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді және жаңа оқу жоспарлары мен пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа әдістері әзірлену үстінде. Ал білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістерін және түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етуде.

Жалпы кіріктіріп оқыту – XXI ғасыр талабы. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат жеткізеді және олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын

барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі одан әрі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады.[3]. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен және сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, сондай-ақ материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді. Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға, сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға, жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге, оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоядан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға, білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға, сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға, оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге және шаршағандары мен қажуларын азайтуға, сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – жұмыстың мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері бойынша пайдаланып кіріктіріп оқытудың негізі болып табылады. Кіріктіріп оқыту барысында әртүрлі идеялар мен ұстанымдардың ұқсастығы айқын байқалады, сонымен қатар алынған білімді түрлі салаларда пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Сондай-ақ, кіріктіріп оқыту барысында екі немесе одан да көп пәнді қарастыру және әлемдегі құбылыстар мен нысандардың өзара тығыз байланысын көрнекі көрсетуге мүмкіндік береді. Кіріктіріп оқытуда жалпы білім беретін мектептерге арналған қолданыстағы оқу бағдарламалары мен оқулықтардың аясын кеңейтетін және әртүрлі пәнаралық проблемалар қарастырылады. Бұндай тәсіл оқытудың түрлі әдістерімен (баяндама және әңгімелесу, түсіндіру, бақылау және тәжірибе, салыстыру, талдау және жинақтау, сонымен бірге компьютерде оқыту) үйлесімді байланыста болады. Яғни, CLIL – бұл кейбір пәндер шет тілінде оқытылатын оқыту әдісі. Сонымен қатар, оқушыларға ана тілінде және шетел тілдерінде сабақ беру – бұл бір. Оқыту екі тілде жүзеге асырылады, яғни оқу жағдайлары жағдайға және оқу мақсатына сәйкес келетін тіл қолданылады. CLIL әдісіне сәйкес, шет тілі барлық сабақтарда ана тілінен басқа барлық пәндерде қолданыла алады, яғни тіл оқыту объектісіне айналмайды, бірақ оның құралы болып табылады. [4].



Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуын ғана емес, тарихи танымдықты, педагогикалық – психологиялық сауаттылықты, саяси экономикалық білімділікті және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу және тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген маман болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты болып саналады. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуын ғана емес, тарихи танымдықты, педагогикалық – психологиялық сауаттылықты, саяси экономикалық білімділікті және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу және тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген маман болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты болып саналады.

Қазіргі мектеп оқушыларының логикалық ойлау қабілеті мен өздігінен іздену деңгейі жоғары дәрежеде деп айта алмаймыз. Оқушылар тек қана тыңдаушының рөлін ғана емес, сонымен қатар ізденушінің рөлін де атқарулары қажет. Оқушылардың білуге деген қызығуын арттыру үшін оқушылардың өздерінің ізденістерін ұйымдастыра алу қажет, өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстырып отыру керек. Бұдан бөлек, оқушылардың білімі мен білігін тексергенде әр түрлі жұмыс формаларын пайдалану, сабақта жаңа әдістермен белсенді сабақ түрлерін пайдаланған жөн. Пәндерді кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының басты мақсаты – оқушылардың ойлау қабілетін дамытуды жүзеге асыруға бағытталған болып келеді. Ендеше, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін сапалы шешуге мүмкіндік беретін оқу процесін кіріктіруді құрастыру – пәнаралық байланыстан көп пәндік байланыстарға өту оқушылардың әрекет тәсілдерін бір нысаннан басқаларға көшірулеріне және оқу процесін толығырақ түсінулеріне, сонымен қатар әлемнің (қоршаған ортаның) толық бейнесін құрастыруларына мүмкіндік береді. Пәндерді кіріктіру құрылымындағы проблемалық жағдаяттардың көлемін кеңейту, мектеп білім алушысының ойлау әрекетін белсендендірумен қатар, оны оқудың тұлғалық нәтижелеріне жетуге жетелейді, жақындатады. Білім алушыға мақсаттан нәтижеге дейінгі аралықта жүргізілген барлық әрекеттердің орындалу процесін бақылауына, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруына және жұмыстың әр кезеңін саналы қабылдауына мүмкіндік береді. Кіріктіріп оқыту метапәндік ұстанымын жүзеге асыру арқылы, сабақтың ақпараттық көлемін

ұлғайтады. Оқушылардың түрлі пәндерді оқу барысында жасаған қорытындыларын қалыптастыра отырып, оқытудың тұлғалық тәсілін жүзеге асыра отырып және нақты бақылауларды дәлелдейтін немесе тереңдететін жаңа факторлар табуға мүмкіндік береді. Кіріктіру оқу-танымдық әрекетті белсендендіруге көмектеседі және оқушылардың білім алу үшін көп күш жұмсауларын жеңілдетеді, шаршағыштықты болдырмайды, ынталандыру құралы болып есептеледі. Бұдан бөлек, оқу материалдарын кіріктіру білім алушылардың шығармашылығын дамытуға, алған білімдерін өмірдің нақты жағдаяттарында қолдана білулеріне жағдай жасайды. Мәдениетке тәрбиелеудің, табиғатқа, адамдарға, өмірге мейірімді, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Заманауи әлемдік мәдениеттердің ерекшеліктерін, өзгешелігін, дәстүрін білу оқушыға мәдени кеңістікке тез бейімделуге көмегін береді. Сонымен қатар, CLIL әдістемесі негізінде оқу материалын жоспарлағанда, оқытушы оқушылардың жасын, тілдік дағдыларын, олардың деңгейін, шет тілінде оқу материалын қабылдауға дайындығын қарастыруы маңызды болып табылады. Cognition (таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту. Мұғалім оқытылатын тілді және пәнді жақсы түсіну үшін студенттердің ойлау және таным қабілетін дамытуға ұмтылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін аналитикалық және критикалық ойлауды дамытуға арналған жоспарлау, талқылау, бағалау, тілге сараптама жасау үшін қолдану, әрі қарай білім алуды жоспарлау сияқты жаттығулар ықпалын тигізеді.

CLIL-дің оқушыларға беретін мүмкіндіктеріне тоқталайық. Олар тілді тек тіл ретінде ғана емес, таным құралы ретінде пайдалану, сын тұрғыдан ойлау, тілдерді жоғарғы деңгейде меңгеру жіне қызметтің барлық салаларында қолдану, өз мәдениетін бағалау, басқа да мәдениеттерді түсініп құрметтеу, азаматтық жауапкершілік, функциональдық сауаттылыққа жетелейді. Ал CLIL әдісін қолдану мұғалімнен пәндік және тілдік білімін жетілдіруді, ресурстарды кеңінен қолдануды, тиянақты жоспарлауды, кәсіби біліктілікті үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сондай-ақ, CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалармақсатқа бағытталған, оқушылардың тіл деңгейлеріне сай, орындауға қызықты, ынталандыратын, бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет. Осылайша CLIL әдісін білім беру үдерісіне енгізуде айтып кеткен қиындықтарғанда қарамастан, ол бізге шет тілінде білім беру

міндеттерінің әлдеқайда озық қатарын шешуге мүмкіндік береді, оқыту үшін функционалдық тәсіл болып табылады [5].

Бүгінгі таңда информатиканы ағылшын тілімен интеграциялау тұрғысынан зерттеу әдістемесі оқушылардың қос тілді ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етеді. Бұл екі тілді-интегративті білімді игерудің жеткілікті жоғары деңгейінде, ақпараттық-коммуникациялық дағдылардың жоғары деңгейінде көрінеді. Бұл әдістеме оқушыларды информатика пәнін ағылшын тілінің коммуникативті қабілеттерін қолдана отырып оқуға ынталандырады, демек, оқушылардың информатиканы оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады. [6]. Заманауи мектептің түлегі үшін ағылшын тілін сапалы білу – кезек күттірмейтін қажеттілік, өйткені әлемдегі ғылым мен технологияның қарқынды қарқыны мен деңгейі қажетті теориялық және практикалық білім, машықтар мен дағдыларды анағұрлым толық және толық игеру үшін ағылшын тілін еркін меңгеруді талап етеді. Бұл оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, үш тілде сабақ беру нәтижесінде оларды өте жақсы меңгеру студенттерді әртүрлі ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрімен таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл көп тілді жеке тұлғаны қалыптастырудан басқа ештеңе емес.

Қорытындылай келе, біз екінші тілді меңгеруде оқытудың жаңа кезеңіне қадам басып отырмыз. Бірнеше жыл бойы жүргізіліп жүрген зерттеулердің нәтижесінде CLIL әдісінің ұтымды тұстарын барлық ел көріп отыр. Оны мұғалімдер ғана емес, оқушылар ата-аналар да көріп отыр. Екінші тілді қарапайым деңгейден академиялық дәрежеге дейін жеткізу ынтасы мен ықыласы бар ғана адам тез меңгере алады. Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы, атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырылып жатқаны мәлім. Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде информатика пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың ақпараттық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға және өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып, нығайған шақта ағылшын тілін еркін меңгере отырып және

кез-келген салада ағылшын тілін қолдана отырып қарым-қатынасты жүргізе алатын жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір педагог ұстаздардың айқын мақсатының бірі. Сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы қаншама.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Б. А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
- 2 Холодная М. А., «Психология интеллекта: парадоксы исследования» Томск-1995
- 3 Зорина Л. Я., Интегрированные предметы естественнонаучного цикла» Учебник. 1993
- 4 К. Құдайбергенова «Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
- 5 Т. Хакимова «Компьютерлік өндеудің әдістемелері». Оқу құралы. – Алматы – 2007.
- 6 Шехинова И.В., «Метапредметный подход и его реализация на уроках иностранного языка». <https://infourok.ru/user/ceunova-irina-valentinovna>


#### БИНАРЛЫ СӨЗ ГЕНЕРАТОРЫ

БАЯЗИТ А. И., ЕРШЕНЕВ Д. К., ТАТЕНОВ А. А.  
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
КУАНЫШЕВА Р. С.  
аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бинарлы – «екілік» дегенді білдіреді. Файлдар мен хаттамалға ақпараттың толықтай берілуі үшін барлық 8 битті пайдаланған тиімді. Барлық қолданатын файлдар арнайы бағдарламалар арқылы дайындалған графика, дыбыстар мен файлдар (мысалы, электрондық кесте) желі арқылы жіберілетін болса, онда олар екілік болып табылады.


Бинарлы сөз генераторы (Word Generator) MS программалау ортасының құрылғылар панелінде, оң жақ бөлігінде орналасқан. Жұмыс нүктесіне шығару үшін Word Generator пәрменін басу керек. Генератор сұлбасы XWG1 (1-сурет) жұмыс нүктесіне шығады. XWG1 генераторының 32 шығысы бар. Олар 0-ден 31-ге дейін

нөмірленген, яғни 32 разрядты. Шығыстары төртбұрыштың екі жағында орналасқан. 4 топтың 8 шығысы бар. Әр шығысында басқаларына тәуелді емес логикалық сигнал бар, ол логикалық сигналдың кірісі ретінде қолданылады. Модельдеу сұлбасында кез келген шығысты қолдануға болады. Цифрлы сұлбаларды алғаш қолданған кезде бастапқы 4 немесе 8 шығысы пайдаланылады. Әдетте генераторлар зерттелетін сұлбаның сол жағында орналасады



Сурет 1 – XWG-1 генератор сұлбасы


Сақтау жадында 0-ден 3 FF-ке дейін автоматты түрде өсетін 1024-ке дейін санын енгіземіз. Ол үшін тышқан батырмасын Set (Өзгерту) басып, Preset Patterns-тан Up Counter опциясын басамыз (Өсетін счет) және Assert (Қабылдау) нүктесіне тышқан батырмасын басамыз. Генератор үшін автоматты түрде емес қолдан өсетін сандарды белгілейміз. Мысалы, 4-разрядты элементтер үшін генератор 0-ден 15-ке дейін және керісінше.




Сурет 2 – Set опциясы

10-ұяшықты белгілеп аламыз (Word Generator құрылғының есте сақтау жады 16 санға дейін кодтық комбинацияны сақтайды. Оған он алтылық кодты жазып (ол ондық сан 14), Enter баспасын басамыз. Осы кезде мензер есте сақтау жадына түсіп, оған D кодын енгіземіз және т.б. Нөмірі 1-ге дейін қайтып келгенше.

Set Final Position опциясы. Жоғарыда көрсетілген мысал үшін бастапқы санақты 0-ден, ал соңғы санақты 29 ұяшықпен аяқтаймыз. 21 санды ұяшығын тауып (немесе 29 ондық санау жүйесінде), белгілеп алып, тінтуір батырмасының оң жағын басамыз. Ашылған терезеде. Set Final Position опциясына тышқан батырмасының басы бағытталады (соңғы белгілеуді өзгерту). Мензер соңғы орнынан көрсетілген жадының сол жағында орналасады. 9 Cycle (Цикл) режимін және генератор берген санақтың дұрыс екендігін тексереміз. Set және Burst режимін таңдасақ, генератор өзінің жұмыс істеуін тоқтатады. Cycle режимі сұлба модельдеуін процесс аяқталғанша қайталайды.




Сурет 3 – Word Generator құрылғысының есте сақтау жады



Сурет 4 – Set Final Position опциясы

Модельдеу кезінде ұяшық маңындағы курсор сәйкес ұяшықты көрсетеді. Басқа ұяшықта сұлба модельдеуі 10 аяқталғаннан кейін тышқан батырмасын бассақ, Set Cursor (Меңзерді өзгерту) меңзердің орналасқан орнын өзгертеміз.



Сурет 5 – Модельдеу кезі

Сонымен қатар санақтың жиілігін орнатамыз. Оны модельдеу бойында Frequency (Жиілік) немесе 1 кГц жиілікті үнсіздікте орната аламыз. Триггердің жұмыс істеуі синхронизациялау (ішкі синхронизация Internal және сыртқы синхронизация External) арқылы орындалады (5-сурет). Word Generator құрылғысының программалауы жұмыс істеуге дайын.

Қорыта келе, файлдар мен хаттамаларға ақпараттың толық жеткізілуі үшін барлық 8 битті пайдалану тиімді. Барлық қолданатын файлдар арнайы бағдарламалар арқылы графика, дыбыстар мен файлдар (мысалы, электрондық кесте) желі арқылы жіберілсе, онда олар екілік болып табылады. MultiSim программалау ортасындағы бинарлы сөз генераторының жұмыс істеу принципін бақыладық, оған сәйкес кодтық комбинациялары тексерілді. Бинарлы сөз генераторының жұмыс істеу режимін өзгерту әдістерімен, кодтық комбинациясын өзгеру үрдістерімен таныстық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Электронды сандық құрылғылар сұлбасын Multisim ортасында модельдеу: әдістемелік нұсқаулық / Қ.Е. Нұрғалиева, Ж.М. Молдабеков, Ә.С. Игенбаева, А.Н. Сләмова. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 71 б.

2 Марченко А.Л. Основы электроники: учебное пособие для вузов. – М., 2009. – 242 с.

3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.

#### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЗИЯНЫ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

БЕКБОЛАТ Д.  
оқушы, Береке орта мектебі, Ақсу к.  
АМАНТАЙ Б.  
мұғалім, Береке орта мектебі, Ақсу к.

Әлемде әлеуметтік желінің дәурені басталғалы қашан. Бүкіл әлемдегі интернет пайдаланушылардың саны 4,5 миллиардқа жуық болса, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 2,8 миллиардты құрайды. 2020 жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 2,9 миллиард болса, 2021 жылдың соңына дейін тағы да 3 миллиардқа артып, виртуалды әлемнің көкжиегі кеңі түспек. Әлбетте, қолданушылар саны артқан сайын әлеуметтік желінің қызмет аясы кеңейіп, оны түрлі мақсатта пайдалану жолдары қалыптасуда [1].

Адамдардың әлеуметтік желіні қолдану мақсаттарын үшке бөліп қарауға болады. Бірінші, байланыс. Олар маркетингтік, сараптамалық, зерттеулік немесе жай ғана дос-таныстармен хат-хабар алмасу үшін қолданады. Өзі әлеуметтік желінің басты функцияларының бірі де осы. Екінші, ақпарат. Ақпаратты алу, бөлісу, тарату, жарнама жасау, құлақтандыру, хабарландыру, қоғамдық пікір қалыптастыру, пікірталас жүргізу тұрғысын көздейтіндер бар. Әлеуметтік желіні қолданушылар саны көбейген сайын мұның да маңызы артып келе жатыр. Өйткені, желілер түрлі мақсаттағы ақпараттарды қоғамға тез жеткізудің тиімді жолы. Бұған пайдалы да, арандату мақсатындағы ақпарат та кіреді. Басты бақылауға алынуы тиіс тұсы осы. Яғни, қадағаланбаса әлеуметтік желілер түрлі мақсаттарда үлкен қару болғалы тұр, болып жатыр да. Үшінші, психология. Бұл адамның ішкі қажеттілігін, яғни эгоны қанағаттандырудың ең қолайлы әдісі. Қоғамда өз орнын таба алмай, ойларын ашық жеткізуге шамасы жетпей, түйік күйінде қалыптасқан жандар үшін керемет құрал. Осы желілерді пайдалану арқылы олар өздерін басқаша сезіне бастайды. Лайк жинау, пікір жазу, селфи жасау немесе құнды деп санайтын ойларын бөлісу арқылы ішкі эголарын қанағаттандырады. Оффлайн өмірде жасай алмағанын онлайнда жүзеге асырғысы келеді. Бірақ тым асыра пайдалану – психологиялық дертке соқтыруы мүмкін. Сондай-

ақ, желіге тәуелділік арқылы қоғамнан одан сайын алшақтатуы да ықтимал. Қалай дегенде де интернет және әлеуметтік желілер қазіргі қоғам тіршілігінің ажырамас бөлшегі. Тек қолдану барысында дұрыс пайдалануды және шектен шықпауды қадағалаған жөн [2].

Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зиянына тоқталайық. Әлем желінің ең алдымен пайдасы бұрын танымайтын, білмейтін адамдармен араласып пікір алмасуға және өз пікірлестеріңді табуға жәрдемдеседі. Кез-келген сәтте танысыңмен байланысқа шығып, тегін пікір алмасып, хал-жағдай сұрасуыңа, соңғы жаңалықтармен бөлісуіңе мүмкіндік бар. Әлеуметтік желі арқылы соңғы жаңалықтар мен оқиғалардан әрдайым хабардар болып отырасың. Сол оқиғаға қатысты адамдардың пікірлерін де оқуға мүмкіндік болады. Үшіншіден, әлеуметтік желіден түрлі көңіл көтеретін музыкалар мен әндер, фильмдер, суреттер, мақалалар табасың және бәрі тегін. Оған қоса, білім беретін деректі фильмдер мен кітаптар, лекциялар мен мақалаларды да қалағаныңша тауып оқуға болады. Рас, қазір үйде отырып-ақ әлемнің кез келген түкпіріндегі адаммен әп-сәтте хабарласа аласыз. Байланыстың түрі де көп. Бұл бүгінгі технологияның адамзатқа сыйлап отырған мүмкіндігі. Иә, жұмысымызды жеңілдеткен технологияның мүмкіндіктері мол. Сонымен бірге, өз бизнесіңді дамытуға, сатып алушы клиенттерді тартуға да мүмкіндік жасалған. Егер сіз шығармашылықпен айналысатын болсаңыз, кітаптарыңызды әлеуметтік желіні пайдаланушыларға ұсынып, сатып алушы оқырмандар табуыңызға болады.

Қазіргі таңда ақпарат тарату мүмкіншілігі бойынша интернет торабы яғни ғаламтор алдыңғы қатарға шығып отыр. Газет, теледидар, радионың түгелге жуығы ғаламторда сайт немесе өз парақшаларын ашып, электронды ақпарат құралдарының саны күннен-күнге өсуде. Ал интернеттегі әлеуметтік желілердің қолданушыларының орта жасы 7-ден 48-ге дейін болып отыр. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілердің жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға пайдасы зор. Интернеттен музыка, фильм, ойындардан басқа ғылыми мақалалар, аудиокітаптар, тіл үйрену курстарын, тамақ істеу, би үйрену, дене шынықтыру тәсілдерін көшіріп алуға, қарауға болады. Көптеген оқулықтар мен рефераттар, түрлі суреттер де интернетте жетерлік. Кез-келген мемлекеттік органдар, түрлі компаниялар мен дүкендер, кафе, мейрамханалар туралы ақпарат алу, олардан анықтама алу, тапсырыс беру сияқты көптеген жұмыстарды үйде отырып интернет арқылы бітіре беруге болады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы кез-келген адам өзінің пікір алмасатын, мүдделестер ортасын қалыптастыруға, жаңа таныс, дос табуға да мүмкіншілігі бар [3].

Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты, әлеуметтік желілердің залалы да жетерлік. Әр адам әлеуметтік желіні пайдаланбас бұрын оның пайдасы мен залалын таразылап алғаны дұрыс. Әлеуметтік желі ең алдымен, адамның алтын уақытын жейді. Уақыт – Алланың адамға берген ең үлкен байлығы және баға жетпес құндылығы. Екінші залалы – әлеуметтік желі адамды белсенді емес тұтынушыға, яғни көк жалқауға айналдырады. Әрине, әлеуметтік желіні адамдар әртүрлі мақсатта пайдалануына болады, оның ішінде жаңа нәрселерді жасап, соны жұртқы ұсынуға да мүмкіндік бар. Дегенмен, оны тұтынушылардың көбі жаңаны жасағаннан гөрі, ұсынылып жатқан ақпараттарды тұтынғанды жөн санайды. Әлеуметтік желі ақырында адамды тәуелді етеді. Араққа, есірткіге тәуелді болған сияқты, адамдар көп ұзамай әлеуметтік желіге де тәуелділікке түседі. Енді олар күндіз-түні компьютерде отырып, әлеуметтік желіге қараудан жалықпайтын болады. Бүгінгі күні, әсіресе жасөспірімдер арасында әлеуметтік желіге тәуелділік белең алып барады.

Иә, әлеуметтік желіге байланған адам үшін бақыт деген жұрттың өзі ұсынған ақпаратқа немесе суретке лайк басып, сүйсінуі болып саналады. Олар өзгелерді тамсандыру үшін, тіпті өмірлеріне қатер төндіріп биік үйлердің төбесінде, жүріп келе жатқан пойыз көрінісі аясында суретке түсуге ұмтылып жүріп, мерт болып немесе жаракат алып жатады. Жұрт лайк баспаса, ол үшін нағыз үлкен бақытсыздық болып табылады. Сондай-ақ, әлеуметтік желі адамдарды жақындарымен, таныс-достарымен тірілей байланыс жасауына кедергі келтіреді. Жәй кедергі келтірсе жарайды ғой, олардың еркін алып, айналасындағылармен қарым-қатынастарын үзуге еріксіз мәжбүрлейді. Күніне сағаттап интернетте отырып, айналасындағы дүниені ұмытатын, адамдармен қарым-қатынасын үзетін, әлеуметтік желіге тәуелді болған пенде ақыр-соңында денсаулығын жоғалтып, түрлі ауруларға шалдығады [4]. Әлеуметтік желілерде байланыс орнатудың түрі көбейген сайын оған қызыға түскендердің қатары артады. Әлеуметтік желіде мың досы бар жандардың шынайы өмірде сыр бөлісе алатын жалғыз жолдасы да жоқ. Оған өкінбейтіндері де кем емес. Виртуалды әлемді өзі танымайтын, өзі көрмеген досының мақтауына семіріп, өзін керемет жан сезінетіндер жұртпен араласудан қалып барады. Қалай сөйлесу керектігін де ұмыта бастағандай.

Әлеуметтік желі деген де аурудың бір түріне айналып бара жатқан секілді. Көбінесе жастар ешкім кедергі келтірмесін деген оймен интернетке, әлеуметтік желіге түнде көбірек қосылады. Соның салдарынан күндіз меніреу, селкос жанның күйіне түседі. Ұйқысы

қанбай, күн тәртібі бұзылады. Уақтылы тамақтануға, жеке гигиенаға көңіл бөлуге де уақыт жетпейді. Интернетке бір күн қосылмай қалса, әлемнің үлкен жаңалығынан құр қалғандай мазасыздана бастайды, тіпті қолы немесе аяғы жоқ жарымжан адамдай күйге түседі. Сонлай-ақ, әлеуметтік желіге тіркелгендер көп жағдайда өзі туралы мәліметті ашық жаза береді. Ал мұндай мәліметті қылмыскерлер пайдаланып кетуі ғажап емес. Өмірімен қоштасып жатқандар да жоқ емес. Статистикалық мәліметтерге сенсек, жыл сайын әлемде шамамен 100 адам әлеуметтік желіде қалдырған хаты үшін өмірден озады екен.

Компьютердің, ұялы телефондардың зияны туралы мақалалар өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап жарық көрген. Әсіресе, ондағы алуан түрлі ойындар жеткіншек балалар мен бүлдіршіндердің денсаулығына, жүйке жүйесіне зақым келтіретінін сол кезден-ақ ғылыми негізде дәлелденген. Телефон ең алдымен, байланыс, яғни сөйлесу құралы. Бірақ, неге екенін білмедік, көптеген бала-шаға оны ойын, уақыт өткізу құралына айналдырып алған. Осылайша олардың бар уақыты осы телефонмен өтеді. Осы саладағы көптеген зерттеулер ұйықтар алдында әлеуметтік желіні пайдаланудың күндізгі уақытқа қарағанда әлдеқайда зиянды болатынын көрсетеді. Диод лампасының жарығы мидағы табиғи ұйқы процесі мен мелатонин ұйқы гормонының бөлінуін тежейді. Тіпті мектеп жасындағы жасөспірімдер түнде әлсін-әлсін оянып, әлеуметтік желідегі жаңа хаттарды бірнеше рет тексереді екен. Бұл жағдай оларды әдеттегіден үш есе артық шаршатады. Ал ұйқы қанбаудың соңы қан қысымына, диабетке, семіздікке, жүрек-қан тамырлары ауруына, депрессияға ұласады [5].

Данная лабораторная работа выполнена на основе технологии HTML языка разметки и языка программирования JavaScript.

Самое важное достоинство данной технологии состоит в том, что студенты представленную лабораторную работу могут выполнить без доступа к сети Интернет, а также в браузере на мобильном телефоне.

Что очень актуально в условиях в местах отсутствия или слабого Интернета, нехватки компьютеров, когда не представляется возможным оснастить кабинет стационарными компьютерами.

А также данная технология приобретает чрезвычайную важность и актуальность в нынешних непростых условиях коронавирусной пандемии.

Существуют различные способы определения виртуальной лабораторной работы. Его можно определить как компьютерную программу, которая позволяет студенту проводить смоделированные эксперименты через Интернет, или как отдельное приложение выполняющееся на стационарном компьютере. Виртуальная лабораторная работа может представлять собой набор симуляций, собранных вместе (примеры – java- апплеты, flash, анимации). Это позволяет студентам проводить эксперименты удаленно в любое время. Кроме того, задачи, ориентированные на эксперимент, могут быть решены без накладных расходов на содержание физической лаборатории [3, р. 77–98].




Рисунок 1 – Вид виртуальной лабораторной работы «Электромангнитная колебательная цепь».

Многие области современной инженерии тесно переплетаются с физикой. Обучение физике требует изучения многих физических понятий, методов и явлений. Основным преимуществом компьютерного моделирования, видеоклипов и фильмов является превосходный эффект визуализации, который представляет особый интерес при описании электромагнитных явлений, которое трудно

себе представить. В этой статье мы представляем разработку виртуальной лабораторной работы с использованием HTML технологии, позволяющей студентам исследовать теоретические и экспериментальные аспекты электромагнитной колебательной цепи посредством моделирования и виртуального эксперимента.

Данная виртуальная лабораторная работа, представленная в этой статье, может быть использована в дополнение к реальным лабораторным экспериментам. Его также могут с пользой использовать удаленные учащиеся, которые не имеют возможность получить доступ к лаборатории в университете. Конечно, при использовании имитационных упражнений важно иметь в виду, что реальный лабораторный эксперимент неизбежно сложнее виртуального, поэтому следует иметь в виду, что виртуальный эксперимент не может полностью заменить реальный физический эксперимент. Имитационные упражнения очень хороши в качестве образовательного дополнения, они не могут полностью компенсировать классическое обучение.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Just-in-Time Teaching: Blending Active Learning with Web Technology, G. M. Novak, E. T. Patterson, A. D. Gavrin, and W. Christian, Prentice Hall, Upper Saddle River, 1999. [на англ. яз].
- 2 Wieman, C., & Perkins, K. (2005). Transforming physics education. *Physics Today*, 58(11), 36 – 41. [на англ. яз].
- 3 B. Thacker, Comparing Problem Solving Performance of Physics Students in Inquiry-based and Traditional Introductory Courses, *American Journal of Physics*, 62, 627-633. (1994). [на англ. яз].
- 4 R. R. Hake, Interactive-engagement vs. traditional methods, *Am. J. Phys.*, (1998); [на англ. яз].
- 5 Potkonjak, V. et al., (2016), “Virtual laboratories for education in science, technology, and engineering: A review,” *Computers & Education*, vol. 95, pp. 309–327. [на англ. яз].

#### НЕДОСКАЗАННЫЕ ФАКТЫ О ТРЕУГОЛЬНИКАХ

ЛИТВИНЕНКО А., МЕЛЬНИКОВА С.

ученики 9 «Б» класса, Школы-лицей № 8 для одарённых детей,  
г. Павлодар

ТИТЧЕНКО А. П.

учитель математики, педагог-мастер Школы-лицей  
№ 8 для одарённых детей, г. Павлодар

Работа посвящена исследованию и доказательству свойств треугольника, чьи углы составляют геометрическую прогрессию. Сложно сказать, почему данная тема ранее не была затронута в математике, но остается фактом, что содержание работы посвящено совершенно неизвестным, а поэтому и не изученным теоремам о свойствах треугольника с углами, находящимися в геометрической последовательности.

Работа поражает широтой охватываемого материала.

Материал является исследовательским, поэтому способствует развитию познавательного интереса, аналитических способностей, различных способов восприятия и обработки информации. В работе поставлены цель, задачи, предмет и объект исследования, актуальность, новизна, что указывает на исследовательский характер работы. Автор доказывает и систематизирует свойства треугольника, с углами составляющими геометрическую последовательность при этом использует не только материал учебного пособия, но и дополнительный материал, предназначенный для углубленного изучения. Работа выполнена высоком уровне, содержит ряд новых, ранее не доказанных фактов в геометрии, представляющих практический интерес.

Наша научно-исследовательская работа касается не то, чтобы малоисследованной, а совершенно неисследованной области: треугольников, чьи углы составляют геометрическую прогрессию. Почему такие треугольники с такими неожиданными, интересными и захватывающими свойствами, оказались в тени, пусть выясняют историки математики, а мы вернемся к работе, которая поражает широтой охватываемого материала.

В курсе геометрии мы изучаем понятие треугольник. Простейший из многоугольников – треугольник – играет в геометрии особую роль. Такова уже природа избранного треугольника с углами, составляющими геометрическую прогрессию, что его своеобразие и свойства хорошо высвечиваются именно в сопоставлении с другими типами треугольников и другими типами геометрических объектов.


Исследуемый треугольник так богат свойствами, что их невозможно не только не исследовать, но и доказать в силу их полезности для расширения и углубления раздела геометрии «Треугольники»

В этом и состоит завораживающая новизна нашего открытия. Если о треугольниках, стороны которых составляют арифметическую прогрессию еще можно отыскать информацию, то о треугольниках, углы которых составляли бы геометрическую прогрессию, систематических исследований не проводилось. Между тем, свойства такого рода треугольников богаты, глубоки и интересны.

Исследованные и доказанные факты были предоставлены на втором международном конкурсе EXORTIUM -2020 научно-исследовательских работ молодых ученых, где работа заняла II место, а на II этапе XV Международного конкурса «Математика и проектирование» в номинации «Наука математика» - I место.

Значимость работы может быть рассмотрена в двух аспектах: а) научном, б) практическом.

Треугольники, углы которых составляют геометрическую прогрессию это треугольники с углами  $\frac{\pi}{7}, \frac{2\pi}{7}, \frac{4\pi}{7}$ . Эти треугольники отличаются большим набором интересных свойств, которые мы не только нашли, но и исследовали и доказали.



**Теорема 1.** Сумма квадратов сторон треугольника углы которого равны  $\frac{\pi}{7}, \frac{2\pi}{7}, \frac{4\pi}{7}$  равна  $7R^2$ , где  $R$  есть радиус описанной окружности данного треугольника.

**Доказательство.**

Пусть имеется треугольник ABC с указанными свойствами:  $\angle A = \frac{\pi}{7}, \angle B = \frac{2\pi}{7}, \angle C = \frac{4\pi}{7}$  и сторонами, равными  $a, b, c$ . (рис. 1). Тогда по теореме синусов (Теорема, устанавливающая зависимость между длинами сторон треугольника и величиной противолежащих им углов. Существуют два варианта теоремы; обычная теорема синусов: Стороны треугольника пропорциональны синусам противолежащих углов  $\frac{a}{\sin A} = \frac{b}{\sin B} = \frac{c}{\sin C}$  и расширенная теорема синусов для произвольного треугольника  $\frac{a}{\sin A} = \frac{b}{\sin B} = \frac{c}{\sin C} = 2R$ , где  $a, b, c$  — стороны треугольника,  $\angle A, \angle B, \angle C$  — соответственно противолежащие им углы, а  $R$  — радиус окружности, описанной около треугольника:  $\frac{a}{\sin \frac{\pi}{7}} = 2R$  и  $\frac{b}{\sin \frac{2\pi}{7}} = 2R$

Отсюда получим:  $\frac{a}{\sin \frac{\pi}{7}} = \frac{b}{\sin \frac{2\pi}{7}} = \frac{c}{\sin \frac{4\pi}{7}}$  или используя формулу двойного угла синуса

$$\sin(2\alpha) = 2\sin(\alpha)\cos(\alpha) \text{ получаем } \frac{a}{\sin \frac{\pi}{7}} = \frac{b}{2\sin \frac{\pi}{7} \cdot \cos \frac{\pi}{7}}. \text{ Тогда длина}$$

стороны  $a$  может быть выражена следующим равенством  $a = \frac{b}{2 \cos \frac{\pi}{7}}$  из

которого выразим  $b$ :  $b = 2a \cdot \cos \frac{\pi}{7}$ . Аналогично выразим длину стороны  $c$  через  $b$ :  $\frac{b}{\sin \frac{2\pi}{7}} = \frac{c}{\sin \frac{4\pi}{7}}$ ;  $\frac{b}{\sin \frac{2\pi}{7}} = \frac{c}{2\sin \frac{2\pi}{7} \cdot \cos \frac{2\pi}{7}}$ ;  $b = \frac{c}{2 \cos \frac{2\pi}{7}}$  из которого окончательно

$$\text{выразим длину } c \text{ через } b: c = 2b \cdot \cos \frac{2\pi}{7}.$$

Для рассмотрения выражения длины стороны  $a$  через  $c$  нам понадобится формула приведения тригонометрии:  $\sin \frac{\pi}{7} = \sin(\pi - \frac{3}{7}\pi) = \sin(\frac{3\pi}{7})$  и получаем  $\frac{a}{\sin \frac{\pi}{7}} = \frac{c}{\sin \frac{3\pi}{7}}$ .

Аналогично

$$\sin \frac{\pi}{7} = \sin(\pi - \frac{6\pi}{7}) = \sin \frac{6\pi}{7} = 2 \sin \frac{3\pi}{7} \cos \frac{3\pi}{7}, \text{ тогда } \frac{c}{\sin \frac{3\pi}{7}} = \frac{a}{2\sin \frac{3\pi}{7} \cdot \cos \frac{3\pi}{7}}$$

Получаем, что длина стороны  $a$  может быть выражена следующим равенством

$$a = \frac{c}{2 \cos \frac{3\pi}{7}} \text{ из которого выразим } b: b = 2a \cdot \cos \frac{\pi}{7}.$$

Сложим теперь все три равенства, предварительно возведя каждое в квадрат, получим

$$a^2 + b^2 + c^2 = 4a^2 \cos^2 \frac{\pi}{7} + 4b^2 \cos^2 \frac{2\pi}{7} + 4c^2 \cos^2 \frac{3\pi}{7}. \text{ С другой стороны:}$$

$$b^2 = 4R^2 \sin^2 \frac{2\pi}{7}, c^2 = 4R^2 \sin^2 \frac{4\pi}{7} \text{ Откуда окончательно} \\ a^2 + b^2 + c^2 = 4a^2 \cos^2 \frac{\pi}{7} + 4b^2 \cos^2 \frac{2\pi}{7} + 4c^2 \cos^2 \frac{3\pi}{7} = 4R^2 \sin^2 \frac{\pi}{7} + 4R^2 \sin^2 \frac{2\pi}{7} + 4R^2 \sin^2 \frac{4\pi}{7} \\ = 4R^2 (\sin^2 \frac{\pi}{7} + \sin^2 \frac{2\pi}{7} + \sin^2 \frac{4\pi}{7}) = 4R^2 (2 + 2\cos \frac{\pi}{7} \cdot \cos \frac{2\pi}{7} \cdot \cos \frac{4\pi}{7}) = 4R^2 \cdot \frac{7}{2} = 7R^2.$$

**Что и требовалось доказать.**

**Теорема 2:** Если  $a, b, c$  стороны треугольника ABC с углами  $\frac{\pi}{7}, \frac{2\pi}{7}, \frac{4\pi}{7}$ , то сторона  $a$  равна половине среднего гармонического двух других его сторон.

Используя это утверждение можно показать, что  $b = \frac{ac}{c-a}, c = \frac{ab}{b-a}$

**Теорема 3:** Если  $h_a, h_b, h_c$  — высоты, опущенные соответственно на стороны  $a, b, c$  треугольника ABC с углами  $\angle A = \frac{\pi}{7}, \angle B = \frac{2\pi}{7}, \angle C = \frac{4\pi}{7}$  то  $h_a = h_b + h_c$

**Теорема 4:** Суммы квадратов высот треугольника ABC с углами  $\frac{\pi}{7}, \frac{2\pi}{7}, \frac{4\pi}{7}$  равны половине суммы квадратов его сторон:

$$h_a^2 + h_b^2 + h_c^2 = \frac{a^2 + b^2 + c^2}{2}$$



Так как в работе доказаны свойства нового объекта, а именно треугольника, углы которого составляют геометрическую прогрессию, то наша исследовательская работа имеет научное значение.

Работа относится к внутренним областям математики и прямого выхода в практику не имеет, а выходит в нее опосредствованно, через другие разделы математики. Она будет интересна и доступна учащимся, заинтересованным в расширении и углублении знаний в области геометрии. Материал работы может быть использован в математических классах, кружках и факультативах в качестве пособия для ознакомления с особыми типами треугольников и их свойствами. Окажется он полезным и для самих учителей.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Дунаев И. И. Об одном треугольнике // Математика в школе. – 2012. - № 7. – С. 31–38.
- 2 Димитриев Г. И. Геометрия Евклида // Математика в школе – 2012. – № 2. – С.26–30.
- 3 Строганов С.В. О периодах Евклидовой геометрии// Математика в школе. – 2012. – № 9. – С. 39–41.
- 4 Карасев И.Г. Геометрия треугольника // Математика в школе. – 2012. – № 4. – С. 43–46.
- 5 Фридман Л. М. «Изучаем математику» – М. : Просвещение, 1995 г.
- 6 Атанасян Л. С. «Геометрия» - М.: Просвещение, 2015 г.
- 7 Выгодский М. Я. Справочник по элементарной математике.
- 8 Геометрия. 7–9 классы : учеб. Для общеобразоват. учреждений/Л. С. Атанасян, В. Ф. Бутузов, С. Б. Кадомцев и др. – 19-е изд. – М. : Просвещение, 2009

#### **ЭЛЕКТРОННОЕ УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ**

НАУРЫЗБАЕВА Н. Т.  
преподаватель Павлодарского высшего  
экономического колледжа Казпотребсоюза, г. Павлодар

Современные процессы развития Казахстана выдвигают к сфере образования республики ряд новых требований и задач. Система образования ориентирована на вхождение в мировое образовательное

пространство. Одним из показателей успешности этого процесса является выполнение образовательных международных стандартов, в которых формирование функциональной грамотности обозначено в качестве одной из приоритетных задач. Будущий профессионал должен обладать стремлением к самообразованию, самосовершенствованию на протяжении всей жизни, владеть новыми технологиями и понимать возможности их использования, уметь принимать самостоятельные решения, адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере.

Главная задача обновленных программ – направить обучающихся на самостоятельный поиск информации и правильное ее применение. Проблема формирования функциональной грамотности требует изменений к содержанию деятельности на занятиях. Научиться действовать обучающийся может только в процессе самого действия, а ежедневная работа преподавателя на занятиях, образовательные технологии, которые он выбирает, формируют функциональную грамотность обучающихся.

Обучающиеся должны активно принимать участие на всех этапах учебного процесса: формулировать свои собственные гипотезы и вопросы, консультировать друг друга, ставить цели для себя, отслеживать полученные результаты.

Для успешного формирования и развития функциональной грамотности необходимы следующие условия:

- обучение должно носить деятельностный характер;
- учебная программа должна быть взвешенной и учитывать индивидуальные интересы обучающихся и их потребность в развитии;
- обучающиеся должны стать активными участниками процесса изучения нового материала;
- учебный процесс необходимо ориентировать на развитие самостоятельности и ответственности обучающегося за результаты своей деятельности.

В эпоху глобализации информационного пространства, массового использования гаджетов система образования вынуждена ускорить свое преобразование, приспособление к новым социальным требованиям. Уже доказана эффективность применения информационных технологий в организации самостоятельной работы обучающихся, в обеспечении дифференциации обучения и повышения его качества. Целью использования информационных технологий в обучении математике является усиление

интеллектуальных возможностей обучающихся, повышения качества, формирование учебной и профессиональной мотивации.

Можно выделить следующие направления использования информационных технологий в обучении математике:

- в качестве совершенствования процесса преподавания, повышающего его эффективность и качество;
- в качестве средства автоматизации процессов контроля, коррекции результатов учебной деятельности;
- в качестве средства информационно-методического обеспечения и управления учебным процессом.

В своей профессиональной деятельности первое направление я реализую через использование мультимедийных презентаций, интерактивной доски. Второе направление – применение тестирующих программ. Третье направление предполагает использование электронного учебного пособия.

Разработанный мной информационный продукт «Дифференциальные исчисления» представляет собой электронное учебное пособие по предмету «Математика для экономистов» предназначенное для обучающихся. Для просмотра данного учебника используется Web-браузер. Навигация осуществляется в интерактивном режиме и предполагает локальное ориентирование. Последовательность действий, заложенных в подсистеме навигации обучающегося, не исключает произвольной последовательности изучения по усмотрению обучающегося.

Основной фактор, определяющий удобство работы пользователя в диалоговом интерфейсе, является его стандартизация. Наряду со стандартными компонентами интерфейса, важная задача – организовать вывод информации таким образом, чтобы в каждый момент времени концентрировать внимание пользователя на необходимой информации.

Данное электронное учебное пособие предназначено для самостоятельной работы, использования на занятиях в качестве дополнительного демонстрационного материала, оценки знаний обучающихся, закрепления их знаний и умений в практической работе, методической помощи преподавателю. Основными задачами создания и внедрения электронного учебного пособия являются: индивидуализация и дифференциация обучения; стимулирование творческой деятельности; изменение роли обучающегося от пассивного наблюдателя до активного исследователя.

Электронное учебное пособие включает в себя следующие обязательные компоненты:

- средства изучения теоретических основ дисциплины (информационная составляющая);
- средства поддержки практических занятий;
- средства контроля знаний при изучении дисциплины.

Для расширения кругозора и обще интеллектуальной эрудиции обучающихся в пособие включена историческая информация, справочный материал.

Для изучения предложен необходимый кратко изложенный теоретический материал с большим числом разнообразных, тщательно подобранных примеров, каждый из которых сопровождается решениями и комментариями.

Теоретический материал представлен в текстовом формате, а также сопровождается аудио и видео объяснениями. В электронном пособии интерактивные объекты различаются по видам информации и учебной деятельности: текст, иллюстрации, аудио- и видеофайлы, гиперссылки, имеются также практические и контрольно-измерительные материалы.

Блок контроля состоит из заданий для самостоятельной работы с тестами по каждой теме. После каждой изученной темы есть интерактивные тесты и задания, выполняя которые обучающийся может самостоятельно проконтролировать усвоение пройденного материала.

В зависимости от индивидуальных особенностей обучающегося (по результатам прохождения заданий), пособие предлагает либо более глубокое изучение материала, с просмотром страниц с более подробным и глубоким изложением материала и решением более сложных задач, либо, наоборот, поверхностное обучение, с показом упрощенно изложенного материала, компенсацией непонятого.

Как показывает практика использование электронных пособий увеличивает заинтересованность обучающихся, снимает тревожность, повышает активность на уроке. Активное использование электронных пособий в учебной и профессиональной деятельности – это шаг на пути к личностно-ориентированному подходу в обучении, создающей условия для дифференциации, персонализации учебного процесса, обеспечивающей переход к принципу «образование в течении всей жизни».

Практическая ценность проекта заключается в том, что электронное пособие дает больше возможностей обучающимся для самостоятельной работы, позволяет выбирать глубину изучения

темы. Подготовленное электронное учебное пособие обладает следующими преимуществами: облегчает понимание изучаемого материала за счет иных, нежели в печатной учебной литературе, способов подачи материала: индуктивный подход, воздействие на зрительную и эмоциональную память и т.п.; допускает адаптацию в соответствии с потребностями обучающегося, уровнем его подготовки, интеллектуальными возможностями и амбициями. Также важное значение электронных пособий состоит в том, что преподаватель может быстро дополнять и изменять текстовый или иллюстративный материал при возникновении такой необходимости, тиражировать без дополнительных материальных затрат.

В заключении можно сделать вывод, что электронные средства обучения являются перспективным направлением информатизации образования, и их значимость в дальнейшем будет лишь увеличиваться.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан [www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo).
- 2 Шипачев В. С. Высшая математика, М., Высшая школа, 2005 г.
- 3 Карасев А. И., Аксютин З. М. Курс высшей математики. М., Высшая школа, 2002 г.
- 4 Культин Н. Б. Основы программирования в Delphi 7/ Н. Б. Культин, М.:Наука, 2010 г.
- 5 Бурлаков М.В. Основы программирования 2004 г.
- 6 Коджаспирова Г.М. Технические средства обучения и методика их использования, М., 2005 г.
- 7 Б. Лоусон, Р. Шарп – изучаем HTML5
- 8 П. Лабберс – HTML5 для профессионалов
- 9 Ч. Муссиано, Б. Кеннеди – HTML&XHTML. Подробное руководство
- 10 Бен Хеник - HTML и CSS. Путь к совершенству

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

ОРАЗБАЕВА М. Ж.

Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын  
Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясы,  
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Оқушылардың оқу-танымдық қабілетінің оянуына ықпал етіп, ізденісін, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқу үрдісі оқушылардың оқу -танымдық әрекеті негізінде жүзеге асса, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Оқу-танымдық іс-әрекет күрделі үрдіс болғандықтан, мұғалім мен оқушының бірлесіп жасайтын тиімді, сапалы жұмысын керек етеді.

Сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың математика пәніне қызығушылығын тудырудың жолдарының бірі сабақ барысында оқушылардың алған білімін баяндауға ынталығын және математика тарихының элементтерін енгізе отырып, есептің текстік мазмұнының тартымдылығын арттыру керек. Оқушы назарын аударатын, ойына түрткі болатын математика туралы қызығалық материалдар, әр түрлі қызықты, тартымды есептер, математикалық софизмдер мен ойындар сабақ үстінде өзінің орнын табу керек. Мұндай есептер оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласын арттырып, есептерді өздігінен шешуге итермелейді, логикалық ой-өрісін дамытады. Қызығалықты есептер, математикалық ойындар, әсіресе, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін сарынды есеп шығарудан шаршамас үшін әр түрлі математикалық жарыстар, ойындар ұйымдастырылғаны жөн. Мұғалімнің негізгі мақсаты – математикалық ойынды қалыптастыру арқылы оқушыны өздігінен оқытуға үйрету. Ол үшін оқушылар білім негіздерін мұғалімнің басшылығымен іздестіре отырып, өздері жаңадан ашулары керек. Оқу процесі осылай ұйымдастырылған жағдайда оқушылардың

ойлау қабілеті кеңейіп, оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады. Оқушылардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын, қабілеттілігін арттырудың және соның негізінде білімін дамытудың сан алуан жолдары бар. Сабақ барысында оқушыларды біліммен ғана қаруландырып қоймай, олардың қисынды ойлауын, есте сақтау қабілеттерін, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе алатындай тіл шеберлігінің болуына да көңіл аударуы қажет. Оқушылардың математикалық білімін байыту олардың математикаға деген сүйіспеншілігін тудыру дұрыс ұйымдастырылған жұмыстарға тікелей байланысты екені белгілі.

Сонымен қатар оқушының логикалық ойлауын және таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізу үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолдану мұғалімнің басты шеберлігі болып табылады.

Қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі. Мұғалім қызықты жаттығулар арқылы аз уақыт аралығында көлемі жағынан көп жұмыс тындырып, оқушылардың жаңа материалды меңгеруге дайындығын және қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтай алады. Сабақтың басында өткізілетін жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы тиіс. Сабақтың ортасында немесе соңында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, қызықты есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады [1].

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелілігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ең алдымен оқушылардың зеректілігін, ойлау қабілетін дамытатындай есептер шығара білуге үйрету керек. Орта буында әзіл есептер мен сұрақтар ауызша есептеулерде зеректілікке, тапқырлыққа баулиды. Оқушыны ұшқыр ойлауға, тез шешім қабылдауға дайындайды. Әзіл есептер шығару арқылы қарапайымнан күрделіге қарай көңіл аудару керек. Бірте-бірте ақыл ойды жетілдіруге көмектесетін есептерді шешуге әкеледі. Осы арқылы баланың өзіндік көзқарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі артады.

Мысалы:

✓ Үш үйрек қатар тізіп ұшып келеді екен. Бірінші үйрек «Менің артымда екі үйрек бар» депті. Екінші үйрек «менің артымда бір үйрек бар» депті. Үшінші үйрек «Менің артымда үш үйрек бар» депті. Бұл қалай болғаны?

Жауабы: Үшінші үйрек өтірік айтқан

✓ Олар қандай баға алды? Әсем, Ардақ, Анар үшеуі математикадан бақылау жұмысынан қандай баға алғанын сұрағанда, мұғалім: «Ешқайсысың жаман баға алған жоқсыңдар, бірақ әрқайсыңның бағаң әр түрлі. Әсемнің бағасы «3» емес, ал Анардың бағасы «3»-те «5»-те емес», – деді. Сонда әркім қандай баға алған?

Жауабы: Әсем – «5», Анар – «4», Ардақ – «3» алған

Қарапайым логикалық, яғни әртүрлі мазмұндағы стандартты емес есептерді ауызша шығара білудің білімділік және тәрбиелік мақсаты зор. Бұндай есептер оқушылардың математика пәніне қызығушылығына және ойлау қабілетінің дамуына әсерін тигізери сөзсіз.

Мысалы:

✓ Шопанның барлық қойларының 320-сы су ішіп жатыр. Қалғаны жайылып жүр. Жайылып жүрген қойлар су ішіп жатқан қойлардың ширегіндей. Шопанда барлығы қанша қой бар екенін анықтаңыз.

Шешуі:  $320 + 320 : 4 = 320 + 80 = 400$

✓ 42 қызыл шар, 54 көк шар және 78 сары шарды әр түсті шарлардың сандары бірдей болатындай неше топқа бөлуге болады?

Шешуі: ЕҮОБ (42, 54, 78) = 6

Зеректілікке берілетін арифметикалық есептерді шешудің өзіндік жолы бар екендігін түсіндіру керек. Бұл қиынға түссе де, ойлау қабілетін дамытуға көп әсерін тигізеді.

Мысалы:

✓ Ауладағы қаздар мен қояндардың бастарының саны 24, ал аяқтары 66. Аулада неше қаз және неше қоян бар?

Шешуі: Бас –  $x$ , аяқ –  $y$ . Енді теңдеулер жүйесін құрамыз:

$$\begin{cases} x + y = 24 \\ 2x + 2y = 66 \end{cases}$$

Жауабы: ( 15, 9)

Осыдан үш жыл бұрын ағасы мен қарындасының жастарының қосындысы 15 жас болды. 9 жылдан соң олардың жастарының қосындысы қанша жыл болатынын анықтаңыз?

Шешуі: ағасы –  $x$ , қарындасы –  $y$ . Осы белгілеудің негізінде теңдеу құру әдісімен шығарамыз:  $(x - 3) + (y - 3) = 15x + y - 6 = 15x + y = 21$

$$(x + 9) + (y + 9) = ?x + y + 18 = 21 + 18 = 39$$

Жауабы: 39

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдары:

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері:

Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлікте қалыптаса бастайды. Ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол. Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде математикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы. Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың

мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн. Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс [4].

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

✓ Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

✓ Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

✓ Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсеңдемейтіндей болуы керек.

✓ Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет [2].

Жалпы оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, деңгейлік есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Өз бетімен орындайтын жұмыстары біріншіден, олардың ақыл-ойын, таным белсенділігін, екіншіден сабаққа ынталарын, қызығушылығын, үшіншіден ешкімнің көмегінсіз дербес жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Сондай-ақ, орыс педагогі К. Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында

«Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Жаңа технологиялардың әр қайсысын қарастырсақ сабақта оқушының қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін туғызатын тиімді әдіс-тәсілдер болып табылады, яғни әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекше. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады.

Бүгінгі таңда математика қоғам өмірінде үлкен роль атқаратыны мәлім. Математика адамның ақыл-ойын, сана-сезімін, ойлау қабілеттерін дамытатын бірде бір құрал. Сондықтан да математиканы дамыта оқыту күн тәртібінде ең бірінші тұрған мәселе.

Жалпы қорытындылай келе, математика сабағында қызықты тапсырмалар мен жаттығулар түрлері қазіргі кездегі математиканы терең меңгеруге, жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, білімді меңгерумен қатар, оқушылардың танымдық, ойлау қабілетін күшейтеді, күрделендіреді, соның әсерінен ойлау жүйесін дамытады, оқушылардың алған білімдерін тереңдетеді, сабақтың сапасын жақсартады, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі артады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Логикалық ойлау қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы, 2008, № 11.
- 2 Монахов В.М. Педагогическая технология проектирования учебного процесса.-М., 1996 г
- 3 Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы. А., 2002 ж.
- 4 «Математика» журналдары 2012 ж.

#### XXI ҒАСЫР НАҚТЫ ҒЫЛЫМДАР ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙДІ

ОРАЗӘЛІ Г.

математика пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясы, Алматы облысы

Физика-математикалық ғылымдар-сандық қатынас және айналадағы дүниенің кеңістік құрылыс туралы ғылымдар, сонымен қатар материяның құрылысын, ең жалпы қасиетін және оның қозғалыс заңдарын зерттейді.

Қазіргі замандағы заманауи физика-математика ғылымдардың маңызы өте зор. Физика – бұл уақыт, кеңістік, материя және энергияны зерттейтін табиғи, теориялық және эксперименталды ғылым, осы төрт элементтің бір-бірімен өзара әрекеттесуін зерттейді.

«Физика» термині латын тілінен шыққан физика, бұл «табиғатпен байланысты» дегенді білдіреді. Бұрын физика философия, математика, биология және басқа ғылымдардың бөлігі болған. Алайда 17 ғасырдағы ғылыми революциямен ол жеке ғылымға айналды.

Осыған қарамастан физика мен басқа ғылымдар арасындағы байланыс уақыт өте келе сақталды. Шындығында, физика басқа пәндер үшін ең іргелі және қажетті ғылымдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл білімнің басқа салалары зерттейтін құбылыстарды түсіндіруге негіз болады.

Физика басқа ғылымдар үшін негіз болатыны сияқты, оның мақсаттарын орындау үшін білімнің басқа салаларын да қажет етеді. Бұлар «көмекші ғылымдар» деп аталатынды құрайды.

Математика мен физика өзара тығыз байланысты. Математика шамаларды, заттарды, оның формалары мен қасиеттерін шартты белгілер мен сандарды қолдану арқылы зерттесе, физика материяның қасиеттерін, ондағы болатын физикалық өзгерістер мен құбылыстарды зерттеуге жауапты физикалық үдіріс.

Осы өзгерістер мен құбылыстарды түсіну үшін оларды математикалық өрнектерге айналдыру қажет. Физиканың бірнеше тармағы бар және олардың әрқайсысында физикалық оқудың негізі болып табылатын есептеулерді орындау математикаға тәуелді. Математика-физиканың негізі. Математикасыз физикалық құбылыстарды түсінуге қажетті есептеулерді жүргізу мүмкін емес еді.

Орта ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама Әл-Фараби өзінің «Музыканың ұлы кітабы» деген еңбегінде музыка ол – физика, математика және медицина деп атап көрсеткен. Физикадағы

тербелістер математикадағы шектің өзгерісі, медицинада жүректің, өкпенің тербелістері бірдей екен.

Шығыстың ұлы ғұламасы энциклопедист ғалым Әбу Насыр әл – Фараби музыканың дыбыс периодты тербеліс арқылы пайда болатындықтан, оны математикалық теңдеу арқылы анықтауға болады. Мысалы шектің ұзындығы мен амплитудасының арасындағы математикалық байланысты бірінші рет Эйлер ашқан.

«Математика қандай ғылым?»

Математика ғылымын оқуға, үйренуге және оны зерттеуге деген құштарлығымызды жоғалтпау және математика ғылымына деген көзқарасымызды айқындау үшін, математиканың қандай ғылым екенін жан – жақты түсінуіміз қажет.

«Математикалық модел адам ойынан туындай отырып, объективті зерттеу пәні ретінде жасалуы – керемет! Оның қасиетін тану арқылы біз нақты өмірді бейнелейтін моделдің қасиетін тани аламыз» деп В. А. Успенский жазып кеткен. Сонымен қатар, математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді. Математика – бұл бір ерекше әлем. Сырт көзге ол тек мылқау сандар мен суық есептен ғана жаралған құрғақ дүние болып көрінеді. Бірақ оның ішкі сырларына сүңги білген адамға өзіндік айырықша әсемдіктері, пән сапалық түйіндері, қиялға қанат байлап, ойға қуат құятын, айналаңдағы жалғыз дүниеге жан бітіріп, күдіретті құбылыстары дайын тұр. Математика адамға Алланың сыйлаған бір күдіреті. Міне, осы әлемнің қызығынан құр қалмайын деп іштей ышқыныңыз, мақсат қойыңыз. Жан-дүниеніңізді бұрыңыз.

Физика-математиканың нақты ғылымдар саласында алатын орны орасан зор. Математика – ғылымдардың іргетасы. Математикасыз физика, химия, тіптен биология салаларын елестету мүмкін емес. Математиканы кез келген ғылым саласына енгізсеңіз, оған жан бітіп, бойына қан жүгіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып – білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстардың сипатын математика тілі арқылы моделін құрып, болашақтағы құбылыстың күйін болжай аламыз. Математикалық есептердің қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, жан бітіп, іске асуын кез келген жерден көре аламыз.

Мысалы, біз күнде мініп жүрген көлік, компьютерлер, ұялы телефондар, тіпті біз тұрып жатқан зәулім үйлерді де айтуға болады. Құрылыс пен сәулет өнері адамның алғаш пайда болуынан басталған көне кәсіп. Ғасырлар ауысса да ол бізбен бірге дамып,

жетілуде. Құрылыс саласының өзіне тән ережесі, тәртібі және нормативтік құжаттары болады. Соған сәйкес әрбір құрылысшы кірпішті қалай қалау керек, оның нормасы қандай болады деген сияқты құрылыс технологиясын меңгеруі қажет. Сондай-ақ жобаны оқи білуі керек. Бір нысан мен екінші бір нысанның ерекшелігін білу, технологияны, адамды орнымен пайдалану, алған білімді тиімді жұмсай білу, дәл, нақты есептей білу керек.

Яғни математикадағы масштабты жақсы түсініп, оны практикада қолдана білу қажет. Медицина мен денсаулық сақтау саласында да көптеген есептеулер жүргізіледі. Мәселен, медициналық құрылғыларды жасау барысында адам денсаулығына зиян келмес үшін математикалық есептеулер жүргізіледі. Тіптен ауа райын зерттеудің өзі математикалық моделсіз жүзеге асырылмайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: физика-математикалық есептеулердің арқасында, бүгінгі технологияларға қол жеткізіп, қауіпсіз үйлер салып, ғарышты зерттеп, мәдениетімізді дамытудамыз. Математикалық есептеулерсіз әлем тіптен басқаша болар еді!

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың математика мен физика пәндерінен біліміне, компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақта білімді ұрпақ керек, ал білім кілті – барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде.

Себебі, физика-математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады.

Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу – сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты- пәндік апталық болып саналады.

Жалпы, қазіргі білім жүйесін жетілдіруде, дамудың ортақ деңгейіндегі ұғымдар мен ғылымдардың жиынтығы «өркениет» деген нәрсені дүниеге алып келгенін ескеру керек. Өркениет – оқыту әдістері арқылы біздің санамызда қалыптасқан ұғымдар жүйесі және олардың көрініс ретіндегі техникалық, технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық білімдеріміз бен біліктіліктеріміздің жинағы.

Аталған мәселерді шешу үшін білім беру жүйесінің барлық оқу орындарында физика-математика пәндерінің қыр-сырын үйрететін ұстарға кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында көптеген курстар мен семинарлар ұйымдастырылып отыр.

Заманауи физика-математика пәндерінің мұғалімдеріне мынадай мақсат қоюымыз керек:

– халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәжірибесін физика ғылымымен байланыстыру мен заңдылықтарға арқа сүйене отырып түсіндіру мен дәлелдеу, жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын дүниетанымын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтанатынан мағлұмат бере отырып, дені сау, ұлттық рухта тәрбиеленген, сана-сезімюанған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

– ұлттық құндылықтар мен рухани-мәдени байлығымызды танып-білуге тәрбиелеуде өз Отанының құндылықтарын және мұраларын танып жетік меңгеру, мақтану.

Табиғаттану ғылымдарының ішінде, өзгелерден гөрі, тезірек дамып келе жатқан, өмірде кеңінен қолданыс табатын физика пәні. Сондықтан да болар, бүгінгі таңдағы физика пәнін игеру ұлттық дәстүрмен сабақтастырылса физика ғылыми-техникалық прогрестің дамуына шешуші рөл атқаратын жетекші ғылымдардың біріне айналады.

Ұлттық таным-талғам арқылы физика-математикалық ұғымдарды таныстыру және меңгеру үшін жаңа өміршен, мазмұнды, құнды, халықтың салт-дәстүрімен физика-математика сабақтарын түрлі формада өткізуге тырысамын. Кейбір әдістерін ұсынып отырмын.

Мысалыға жыл мезгілдері туралы: физикалық шама уақытты үйрету барысында көшпелі қазақтар уақытты кеңістікке барынша кіріптар болуы бір жылды төрт маусымға бөлу (көктеу, жайлау, күздеу, қыстау) бөліп, әр маусымды үшке жіктеген.

Мысалы «жаз тоқсан», «жел тоқсан», «қыс тоқсан», «күз тоқсан» деп атаған. Бес саусақты әр түрлі есептеулерге пайдаланған. Мәселен әр саусақты буын саны үштен, төрт саусақ жылдың мезгіліне сәйкес келеді. Саусақтың салыстырмалы ұзындығы жыл мезгіліндей күннің ұзақтығын көрсетіп тұрады.

«Балаң үйрек» – наурыз, көкек, мамыр (көктем);

«Орған терек» – маусым, шілде, тамыз (жаз);

«Шылдыр шүмек» – қыркүйек, қазан қараша (күз);

«Кішкене бөбек» – желтоқсан, қаңтар, ақпан (қыс)

Наурызда, қыркүйекте күн мен түннің ұзақтығы теңеледі, «балаң үйрек» пен «шылдыр шүмек» ұзындығы теңеледі, қолдағы ең ұзын саусақ «ортан теректің» бірінші буыны маусым айын көрсетеді.

22 маусым – ең ұзақ күн – бірінші буына сәйкес келеді.

Бүкіл жан-жануарлардың баспаналары дөңгелек, сфера пішінді болатындығы белгілі. Мысалы, аю, қасқыр апандары дөңгелек үңгір етіп жасалады. Апанның ауыздары оңтүстік – шығысқа қарап қазылады. Торғайдың, құстардың ұясы да сфера пішінді болады. Міне қазақтың киіз үйі де, осындай заңдылық бойынша жасалған. Кереге жоғары жағына қарай тартыла береді де, уық арқылы күмбезге айналып кетеді. Киіз үйдің негізгі өлшемдері ерекше пропорциялы болып келеді. Киіз үй пішінінің айналу беттерін, яғни, дөңгелек болуы бұрыштардың болмауы киіз үйдің көркемдігін арттыра түседі. Ендеше, бұрышы жоқ киіз үйдің ішіндегі ауа тұрақты түрде алмасып отырады. Киіз үйді ойлап шығарудың өзі ақиқат ғылымға негізделген. Міне, даналық!

Математика және физика нақты ғылымдар адамзаттың ақыл-ойының дамуына үлкен үлесін тигізеді. Ақыл-ойы дамыған адамдар жаңа технологиялар ойлап тауып, адамзаттың өмір сүру жағдайын жақсартады. Әрине, бұл физика-математикамен айналыспайтын, гуманитарлық салада жүрген адамдардың интелекті төмен деген сөз емес. Жақсы әдеби кітаптар оқып та өзімізді дамыта аламыз. Бірақ, бұл жеткіліксіз.

«Егер ақылды болғың келсе, көп оқы!» тіркесіне «және математикамен айналыс!» деген жолдарды қосқым келеді. Гуманитарлық сала мен нақты ғылымдар бір-бірін толықтырып отырады. Гуманитарлық саланың жақсы мамандары базалық деңгейде нақты ғылыммен айналыспағандықтан, шешім қабылдауда қателіктер жіберіп жатады. Ал жақсы математиктер, технологтар абстрактілі әлемге кіріп кетіп, нақты әлеммен байланыс үзіп алып жатады. Барлық «жақсы» нәрселердің өз мөлшерінде болғаны абзал.

«XXI ғасыр нақты-ғылымдар ғасыры» деп елбасымыздың қойып отырған маңызды міндетінің негізгі салмағы да осы пәндер-физика және математикаға бағытталған. Сондықтан да барлық іс-шараларды да жүйелі түрде осы ғылымдар негізін тереңірек аша түсуге, әр баланың осы пәндердің беймәлім тұстарын зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға бағыттадық.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Физиканың басқа ғылымдармен байланысы. Feynmanlectures. caltech.edu сайтынан 2017 жылғы 22 маусымда алынды.
- 2 Физика және басқа салалар. 2017 жылдың 22 маусымында, limitless.com сайтынан алынды.
- 3 Физика. En.wikipedia.org сайтынан 2017 жылғы 22 маусымда алынды.
- 4 Физика –Физиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы.
- 5 2017 жылдың 22 маусымында, Science.jrank.org сайтынан алынды.
- 6 Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

### ПРИМЕНЕНИЕ СРЕДСТВ ИКТ ПРИ ВЫПОЛНЕНИИ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО ФИЗИКЕ.

ПАВЛЕНКО К. А.

студент, КГКП «Щербактинский аграрно-технический колледж»

ШИРОЦКАЯ М. Н.

преподаватель физики и математики, КГКП «Щербактинский аграрно -технический колледж»

